«ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ» ЖШС

ТОО «СЛУЖБА ОХРАНЫ ШЫҢАЛЕМ»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ «ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ «27» 02 2026ж № 71 БСН 171140013774

ЮКР, НҰРШУАҚ 4199 Тел/факс: 8 (775)832-61-61 БИН 171140013774, ИИК KZ568562203103866373, БИК KCJBKZKX, АО «БЦК»

СОТҚА ДЕЙІНГІ ТАЛАП

Қорытындылар туралы хаттама № 16331181-ОК1 Лоттың № 84147468-ОК2 комиссиясы мүшелері «ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ» ЖШС негізсіз *болжамдармен* конкурстан шеттетіп отырсыздар ; Атап айтқанда; *Отклонен, потенциальный поставщик не соответствует квалификационным требованиям в части обладания материальными ресурсами, не подтверждено наличие: Детекторы обнаружения оружия, взрывных веществ и устройств согласно пункту 6 Перечня специальных средств для использования работниками частных охранных организаций, утвержденных приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан от 14 февраля 2022 года № 64 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 26850) – 117 ед., по заявленным потенциальным поставщиком документам не представляется возможным определить наличие требуемых материальных ресурсов. Приложены документы: Гарантийное письмо о поставке по заключенному договору №271229-1 от 15 января 2026 г., по Договору №32 от 15 января 2026 г., вместе с тем, по заявленным документам не определено фактическое наличие. Согласно Приложения 12 к конкурсной документации (Сведения о квалификации) потенциальный поставщик в целях подтверждения о наличие материальных ресурсов должен приложить документы, подтверждающие право собственности, собственное или арендованное, в случае аренды необходимо приложить документы у кого и приложить документы, подтверждающие право собственности арендодателя. Наличие пульта централизованного наблюдения согласно пункту 3 главы 3 Квалификационных требований и перечня документов, подтверждающих соответствие им, для осуществления охранной деятельности, утвержденных приказом Министра внутренних дел Республики Казахстан от 30 декабря 2014 года № 959 по месту оказания охранных услуг – 1 ед., потенциальным поставщиком заявлены (согласно приказа Министра внутренних дел Республики Казахстан от 30 декабря 2014 года № 959) в том числе: собственного защищенного сервера для хранения данных с объектов охраны – не представляется возможным определить наличие сервера, так как приложен договор об оказание услуг на установку программного обеспечения, таким образом договор об оказание услуг имеет признаки субподряда. ; Автоматически отклонено веб-порталом;;* деген себеппен **конкурстан шеттетіп** отырсыздар.

1) –ші «ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ» ЖШС-не қатысты берілген сын ескертпені қарастыра келе, біз төмендегідей **келіспейтінімізді мәлімдейміз**; *деректерді сақтауға арналған меншікті қорғалған сервер – сервердің болуын анықтау мүмкін емес, өйткені бағдарламалық қамтамасыз етуді орнатуға қызмет көрсету туралы шарт қоса берілген, осылайша қызмет көрсету туралы шартта қосалқы мердігерлік белгілері*

болады деген себеп **шындыққа жанаспайды** Тапсырыс шеңберінде деректерді сақтауға арналған меншікті қорғалған сервердің бар екендігін растайтын барлық қажетті құжаттар толық көлемде ұсынылды. Атап айтқанда, серверлік жабдыққа меншік құқығын растайтын құжаттар, бухгалтерлік есеп деректері, техникалық сипаттамалар және тиісті қабылдау-тапсыру актілері қоса берілді. Бағдарламалық қамтамасыз етуді орнатуға қызмет көрсету туралы шарттың ұсынылуы сервердің болуын жоққа шығармайды және оны қосалқы мердігерлік ретінде бағалауға негіз болмайды. Көрсетілген шарт тек бағдарламалық өнімді баптау және іске қосу бойынша техникалық қызмет көрсетуге қатысты жасалған. Бұл ретте серверлік жабдықтың өзі біздің ұйымның меншігінде екендігі және өз теңгерімімізде есепте тұрғаны құжаттармен расталған.Осыған байланысты, қызмет көрсету туралы шартта қосалқы мердігерлік белгілері бар деген тұжырым негізсіз деп санаймыз.

2)-ші *құралдар тізбесінің 6-тармағына сәйкес қаруды, жарылғыш заттар мен құрылғыларды табу детекторларының болуы расталмады* *2026 жылғы 15 қаңтардағы №271229-1 жасалған шарт бойынша, 2026 жылғы 15 қаңтардағы №32 шарт бойынша жеткізу туралы кепілдік хат, сонымен бірге мәлімделген құжаттар бойынша нақты қол жетімділігі анықталмаған.-* Деген себеппен сын ескертпе тағылып отыр , осы тұста конкурсқа жіберілген компаня атап айтқанда **"Охранное агентство "Беркут-СБ" ЖШС, БСН (ЖСН): 050740000063** мекемесі ұсынған құжаттар бухгалтерлік балансқа алынбаған, яғин далелі табылмасада конкурсқа заңсыз жіберіліп отыр.
Осы тұста Материалдардың (материалдық ресурстардың) шығу тегі мен құқықтық негіздері бойынша қосымша түсіндірмелерді осы заңнама сілтемесіне анықтауға болады. Материалдық ресурстардың **шығу көзі (источника происхождение)** заң тұрғысынан олардың қандай құқықтық негізде алынғанымен айқындалады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес материалдық ресурстардың пайда болу көздері сатып алу-сату шарты, жеткізу шарты, сыйға тарту, айырбас, жарғылық капиталға салым, өтеусіз алу немесе өз күшімен өндіру арқылы туындауы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 406-бабына сәйкес мүлік сатып алу-сату шарты негізінде бір тұлғадан екінші тұлғаға беріледі, бұл материалдық ресурстардың шарттық шығу көзін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Заңы 7-бабына сәйкес шаруашылық операциялар **бастапқы есеп құжаттарымен расталуға тиіс**, яғни материалдық ресурстың шығу тегі міндетті түрде құжат жүзінде дәлелденеді (шарт, шот-фактура, қабылдау-тапсыру актісі және өзге де бастапқы төлем құжаттар). Жоғарыдағы заңнамалық актілерде белгіленгендей Әрбір әлеуетті өнім беруші 8-қосмшадағы материялдық ресурстарын 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының шарттарымен далелдеуі тиіс. Яғни

Материалдық ресурстардың бар болуы мен қозғалысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес **бастапқы есеп құжаттарымен, шарттармен және өзге де ресми құжаттармен расталады**. Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Заңы 7-бабына сәйкес **барлық шаруашылық операциялар бухгалтерлік есепте бастапқы құжаттар негізінде көрсетілуге тиіс**. Аталған Заңның 10-бабына сәйкес бастапқы құжаттарда міндетті деректемелердің болуы талап етіледі **және осындай талаптар сақталған жағдайда ғана олар заңды дәлелдеме ретінде танылады**. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 406-бабына сәйкес сатып алу-сату шарты бойынша мүлік бір тараптан екінші тарапқа беріледі, ал **458-бабына сәйкес тауарды беру міндеті тиісті құжаттармен расталады**. Қазақстан

Республикасының Салық кодексі нормаларына сәйкес салықтық есепке алу мақсатында тауарлардың алынуы мен өткізілуі заңнамада **белгіленген тәртіппен рәсімделген бастапқы құжаттармен және шот-фактуралармен дәлелденуге тиіс.** Осылайша, материалдық ресурстардың заңды негізі мен олардың нақты қозғалысы шарттық-құқықтық қатынастарды және бухгалтерлік есеп құжаттамасын рәсімдеу арқылы айқындалады.

Салықтық есепке алу мақсатында материалдардың заңды алынуы Қазақстан Республикасының Салық кодексі нормаларына сәйкес тиісті рәсімделген құжаттармен және электронды шот-фактуралармен расталады.

Осылайша, материалдық ресурстардың шығу көзі азаматтық-құқықтық мәліметпен және оны растайтын бухгалтерлік құжаттармен айқындалады.

3) "Охранное агентство "Беркут-СБ" ЖШС, БСН (ЖСН): 050740000063 әлуетті өнім беруші, радиожиілік арнасын ТОО Спектрум мекемесінен **жалға алынсада** басымдық беріліп отыр. "Охранное агентство "Беркут-СБ" ЖШС әлуетті өнім беруші Лоттың № 84147468-ОК2 конкурсқа жіберілмеуі тиіс.

Себебі, Байланыс туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі №567 Заңының 12-бап. Радиожиілік спектрін бөліп беру, жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) бөлектеу және иелікке беру (тағайындау) жөніндегі жалпы ережелеріне сайкес;

Байланыс туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі №567 Заңының 12-бап. 34-бет 5-1. Тармақ Жеке және заңды тұлғаларға өздеріне иелікке берілген жиілік белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) уақытша немесе тұрақты пайдалану құқығын басқа жеке немесе заңды тұлғаларға беруге, мына жағдайларды:

1) радиожиілік спектрін негізгі пайдаланушы **келісім берген жағдайда**, өндірісішілік қызмет үшін радиожиіліктерді **бірлесіп пайдалануды қоспағанда, тыйым салынады. Әрбір пайдаланушыға радиожиілік спектрін пайдалануға арналған жеке рұқсат ресімделеді;**

2) ұялы байланыс қызметтерін көрсету үшін, оның ішінде ұялы байланыстың виртуалды операторының қызметі үшін бөлінген радиожиіліктерді **бірлесіп пайдалануды қоспағанда, тыйым салынады. Радиожиіліктерді бірлесіп пайдалану шартпен ресімделеді**.

6. Байланыс операторларына және радиожиілік спектрін өндірісішілік қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануды көздейтін тұлғаларға радиожиілік спектрін пайдалануға арналған рұқсаттар белгіленген үлгідегі өтінімдер уәкілетті органға келіп түскен күннен **бастап екі ай мерзімнен кешіктірмей беріледі-** деп көрсетіліп **БЕКІТІЛГЕН.**

Түсіндірме: **радиожиілік спектрін** жалға алу мүмкін емес, радиожиілік спектрін бірлесіп қолдануға ғана келісім береді, уәкілетті орган **әрбір пайдаланушыға радиожиілік спектрін пайдалануға арналған жеке рұқсат ресімделеді екі айдың ішінде.**

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы талаптарына сәйкес, құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда мемлекеттік сатып алу заңсыз деп танылуы немесе белгіленген тәртіппен **күшін жоюы тиіс**. Мұндай жағдайларда мүдделі тұлғалар қаржылық бақылау органдарына, соның ішінде Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне жүгінуге құқылы. Әсіресе құқық бұзушылықтар конкурс құжаттамасына,

қатысушыларды жіберу рәсіміне немесе қорытынды шығару процесіне қатысты болған жағдайда, мәселе **сот тәртібімен қаралуға жатады**.

Сондықтан **жекелеген мекемелер арасында басымдылық берілмеуі тиіс**, ұсынылған құжжаттар қолданыстағы заңнамалар нормаларымен қаралуға жатады. Жоғарыдағы далелдерді түйіндей келе «ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ» ЖШС **конкурсқа жіберілуі тиіс.**

4)-ші Білім беру ұйымдарында күзет қызметтерін сатып алу жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттаманы бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 15 мамырдағы № 112 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 16 мамырда № 36118 болып тіркелген "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 8- тармағына сәйкес Конкурс негізі болып табылатын 8- қосымшада Лоттың нөмірі 84147468-ОК2 Лоттың атауы Күзет қызметтері Әлеуетті өнім беруші мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуі керек- **деп талап етілген:**

1. *Заңды тұлғаларға қызметтік қаруды және оған патрондарды сақтауға рұқсат беру*
2. *Күзет қызметтерінің барлық түрі, оның ішінде террористік тұрғыдан осал объектілерді күзету*
3. *Күзет қызметімен айналысу*
4. ***Заңды тұлғалар жұмыскерлеріне қызметтік қару және оған патрондарды сақтауға және тасымалдауға рұқсат беру.***

Бірақ конкурс комиссиясы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 15 мамырдағы № 112 бұйрығы негізін яғни ***Заңды тұлғалар жұмыскерлеріне қызметтік қару және оған патрондарды сақтауға және тасымалдауға рұқсаттарын*** **анықтамай ,тексермей құқықтық негізіне сүйенбей, біле тұра** конкурс қатысушыларын құқығын шектеп **жекелеген мекемелерге** басымдылық беріп отырғанын **қаперіңізге саламын**.

Сотқа дейінгі талап міндетті болғандықтан басқада құжаттар қосымшаларды Тиісті органдарға басқа да платформалар арқылы ұсынамыз.

" ШЫҢ АЛЕМ " КҚ ЖШС директоры Ж.Қ Пиргелдиев

Ә.Күзербай
Тел: 87073401998, 87754041998

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
"ШЫҢ АЛЕМ КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ"
БСН 171140013774